

М.Ө. Насимов

Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан;
ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты,
Алматы, Қазақстан
(E-mail: nasimov_m@mail.ru)

Ұлттық құрылыстың мәні және негізгі түсініктері

Аңдатпа. Ұлттық құрылыс мемлекеттік құрылыстың дамуымен тығыз байланысты. Ұлттық құрылыстың маңызды өлшемдерін қорғау тек мемлекеттің ғана емес, барша қоғам мүшелерінің азаматтық міндеті мен жауапкершілігі болып табылады. Ұлттық құрылыс жаһандану жағдайындағы ең өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан жаһандану жағдайында ұлттық құрылыс пен бірегейлікті сақтау мәселесі өте өзекті. Берілген мақалада ұлттық құрылыстың мәні және негізгі түсініктеріне талдау жүргізілген. Мақаланың мақсатына ұлттық құрылыс ұғымына қатысты тұжырымдарды жүйелеу жатады. Мәселе бойынша теориялық талдау жүргізілген жұмыста библиографиялық, сипаттамалық, жүйелік, салыстырмалы және тұжырымдамалық талдау әдістері қолданылды. «Nation-building in Kazakhstan» кілт сөзіне ерекше назар аударылды. Ұлттық құрылыстың ұлт, бірегейлік және кино өндірісі секілді өзге түсініктермен байланысы айқындалды. Тарих берген сабақтар және идеология арқылы ұлттық құрылысты дамытудың маңыздылығы дәлелденді.

Түйін сөздер: ұлттық құрылыс, мемлекеттік саясат, халық, ұлтшылдық, ұлттық бірегейлік, идеология, посткеңестік кеңістік.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-143-2-70-81>

Түсті: 07.02.2023 / Жариялауға қабылданды: 15.02.2023

Кіріспе

Қазіргі таңда көпұлтты мемлекеттер және осы елдер қалыптастырған азаматтық-саяси бірегейлікті өзгертуге бағытталған көзқарастар күшейіп барады. Көпұлттылық пен көпконфессиялық қазіргі заманғы мемлекеттердің көпшілігіне тән белгілер. Әр мемлекет белгілі бір уақыт кезеңінде және нақты міндеттерге сәйкес ұлттық құрылыстың тұжырымдамасын таңдайды. Көпұлттылық немесе көпконфессиялық тұжырымдама дағдарысы этникалық немесе діни бірегейлік формаларына негізделген радикалды қозғалыстарды жандандырып, белсенділігін арттырады. Радикалды топтар теріс объективті көзқарастарына сәйкес өздерінің мемлекеттік құрылымдарын құруға ұмтылады немесе өздерінің тар

қауымдастығында оқшауланады. Осылайша біз бұл топтың қоғамдық өзара әрекеттесу жүйесінен шығуына мүмкіндік береміз. Сондықтан ұлттық құрылыс процесінің көп қырлығына байланысты оны зерттеу пәнаралық көзқарасты қажет етеді.

Ағартушылық дәуір философы Ж.Ж. Руссо ұлтты құрайтын адамдардың ұқсас әдет-ғұрыптары мен нақыштары, ортақ әлеуметтік мұраттары болуы керек екенін атап өткен болатын. Осылайша, ұлттық құрылыс «жанжалсыз» болуы мүмкін емес: «өзгелерді» «өзіміздікі» етіп өзгерту қажет [1, 300 б.]. Ұлт тарихта да, табиғатта да тамыры жоқ жасанды категория ретінде бағалайтындар кездеседі. Мәселен мұндай ұстанымды ағылшын әлеуметтанушысы және философы Э.Д. Смит [2, 238 б.] білдіреді. Ол

ұлттың негізі мифология екенін, оның пайда болуы ұлтшылдардың билікке келуімен тікелей байланысты екенін айтады. Сонымен қатар, ғалым ұлтшылдықты «оның кейбір мүшелері нақты немесе әлеуетті «ұлт» деп санайтын, тұрғындар атынан автономияға, бірлікке және бірегейлікке қол жеткізу және қолдау үшін қажетті идеологиялық қозғалыс» [3, 15 б.] деп анықтайды.

Британдық саясаттанушы және әлеуметтанушы Б. Андерсон ұлттың келесі анықтамасын ұсынады: «бұл ойдан шығарылған саяси қауымдастық және ол сөзсіз шектелген, сонымен бірге егеменді ретінде елестетіледі» [4, 47 б.]. Ұлтты ойдан шығарылған қауымдастық деп анықтай отырып, ол ұлт мүшелерінің тұтастық бейнесі олардың санасында өмір сүретінін анықтайды. Ұлттың шектелуі кез келген халықтың өз шекарасының болуымен және өзін бүкіл адамзатқа сай елестетуімен айқындалады. Елдің егемендігі бостандыққа деген табиғи құштарлықпен айқындалып, азаттықтың кепілі мен нышаны ретінде егеменді мемлекет белгіленеді. Ұлттың қауымдастық ретіндегі анықтамасы ұлт «әрқашан терең, көлденең серіктестік ретінде түсініледі» [4, 49 б.]. Ю.И. Семенов ұлттың ойдан шығарылған идеясын қолдай келе, тек зерттеушілердің санасында болатын ұлт пен этностың субъективті сипатын атап өтеді және «тек олардың ойлау үйлесімділігін» [5, 73 б.] білдіреді деп санайды.

Америкалық әлеуметтанушы және саясаттанушы И. Валлерстайн бірлескен авторлықтағы еңбектің «Халық құрылысы: нәсіл, ұлт, этностық топ» бөлімінде «кең тараған мифке қарамастан, барлық жағдайда дерлік ұлттың пайда болуынан бұрын мемлекеттің пайда болуы жүрді» [6, 96 б.] деп қадап айтады. Ол мемлекетаралық жүйе шеңберінде кез келген егемен мемлекеттің құрылуы неліктен тиісті «ұлтты», «халықты» тудырады деген сұрақ қояды. Оның пікірінше, мемлекеттердің алдында сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерге ұшыраған егемендігін сақтау проблемалары тұр, олардың қарама-қайшылығы «ұлттық сезімнің» дамуымен байланысты. Сондықтан мемлекетке өзінің саяси жобаларын жүзеге асыру үшін қажетті бірыңғай әкімшілік кеңістік құру қажеттілігі туындады. Осылайша, ұлтшылдық осы іспеттес мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың көрінісі, тәсілі және салдары болып

табылады. Мемлекеттің ұлттық болмауы ойыннан тыс болу дегенді білдіріп, оның мемлекетаралық иерархиядағы дәрежесін өзгертеді.

Австриялық публицист О. Бауэрдің пайымдауынша, «Ұлттың мәні ұлттық сипат ұғымымен тығыз байланысты, ал ұлт өзгермелілігімен сипатталады, ал ұлттық сипат бір ұлт мүшелерін белгілі бір кезең ішінде ғана байланыстырады» [2, 52-53 бб.]. Осылайша, ұлт «мінездің салыстырмалы қауымдастығы» болып табылады. Әрбір ұлт үшін белгілі бір уақыт кезеңінде өзіне ғана тән ұлттық сипаттағы ерекше белгілері болады. Сонымен бірге, барлық ұлт өкілдеріне тән белгілі бір ортақ белгілердің бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Ұлттың салыстырмалы сипаттағы қауымдастық ретінде айқындалуы ұлт мүшелерінің бір-бірінен ерекшеленетін жеке белгілерінің болуымен түсіндіріледі.

Академик В.А. Тишков [7, 58-67 бб.] ұлтты егемен мемлекет шеңберінде біріккен адамдар қауымдастығы деп анықтай келе, ұлт белгілі бір дәрежеде азаматтық ынтымақтастығымен сипатталады және мемлекетке және оның легитимді билігіне лоялдығымен ерекшеленеді. Мемлекет егемен аумақтық қауымдастық билігін табыстайтын ұлт құрған институттар жүйесі болып табылады. Осылайша, мемлекет басқару, ұйымдастыру және қорғау қызметтерінен басқа мәжбүрлеу құқығын және этномәдени алуандылықты сақтау және қолдау міндетін алады. Ю.И. Семеновтің мәселе бойынша көзқарасы басқаша, оның пайымдауынша, «ұлт дегеніміз – этникалық тиістілігіне қарамастан мемлекеттің барлық азаматтарының жиынтығы» [5, 72 б.].

Ресейлік публицист С.Г. Кара-Мурза атап өткендей, ұлттың екі негізгі, қағидатты мәні бар: «ортақ саяси қатысуға негізделген ұлт азаматтық пен ұжымдық егемендік ретінде» және «ортақ тіл, тарих немесе мәдени бірегейлікпен байланысты адамдар қауымдастығын құрайтын ұлт» [1, 300 б.]. Демек, осы халықты құрайтын түрлі топтар арасындағы айырмашылықтар әлсірегенде ғана азаматтық ұлт құрылады.

Ағылшын тарихшысы және саясаткер Дж. Дальберг-Актон [2, 26-51 бб.] мемлекет уақыт өте келе ұлт құра алады деген пікірде болды. Оның пікірінінше, түрлі ұлттардың бір мемлекетте бірігуі мемлекеттің табысты өмір сүруінің қажетті шарты болып табылады. Бір

мемлекетке біріккен ұлттар «мемлекеттің балқыған қазанында» тұрақты өзара әрекеттесу процесінде жүреді. Керісінше, саяси және этностық шекаралар сәйкес келген жағдайда қоғам дамуын тоқтатады.

Жоғарыдағы тұжырымдарға сәйкес ұлт туралы көптеген көзқарастардың бар екенін байқауымызға болады. Осы тұста ұлттық құрылыс түсінігін анықтаған маңызды деп ойлаймыз. Еліміздегі ұлттық құрылыс мәселелері мен қоғамның бірігуін нығайту үшін осы зерттеудің маңыздылығы жоғары. Сондықтан ұлттық құрылыс процестері шеңберінде жүргізілген зерттеулерді жүйелеу және теориялық тұжырымдарды дәйектеу қажет.

Мәселенің тұжырымы

Ұлттық құрылыс процесі көп қырлы, оны зерттеу пәнаралық көзқарасты қажет етеді. Ұлттық құрылысты ғалымдар көптеген қосымша ұғымдармен түсіндіруге тырысады. Сондықтан әлеуметтік ғылымдарда интерпретацияланатын көптеген негізгі терминдер әлеуметтік және саяси практика категориялары болғанымен, әлеуметтік және саяси талдау категориялары да болып табылатындығын ұмытпаған жөн. Ұлттық құрылыс саяси құбылыс және идеологияның бір түрі ретінде қоғамдық бірліктің ең жоғарғы нысаны болып табылатын негізгі қағиданы қамтиды. Бұл ұлттық құрылыстың ұлт пен мемлекетті мәдени және саяси екі қауымдастық ретінде байланыстыруға ұмтылуынан туындайды. Өзінің тарихи дамуындағы ұлттық құрылыс идеялары өзін-өзі анықтау және демократия идеяларымен, ұлттың «азаматтар қауымдастығы» ретіндегі идеясымен байланысты болды.

Зерттеудің мақсаты

Ұлттық құрылыс процесін зерттеу барысында «этнос», «ұлт», «халық» және «мемлекет» негізгі ұғымдар ретінде қолданылады. Бұл ұғымдар өзара бір-бірімен тығыз байланысты. Ұғымдардың әрқайсысын анықтайтын түрлі тәсілдер ұлттық және мемлекеттік құрылыс процестерінің нақты түсіндірмелерін қалыптастырады. Зерттеу жұмысы барысында жоғарыда аталған негізгі ұғымдарға көп мән бермейміз. Біздің мақсат – ұлттық құрылыс ұғымына қатысты тұжырымдарды жүйелеу саналады.

Зерттеудің тарихы

1920 жылы Гарвард университетінің ғалымы Т.Н. Сагвердің [8] ұқыптылықтың ұлттық құрылысқа қатынасын талдаған зерттеуі жарияланды. Мәселені дәйектеу барысында автор өндірістік қуаттың бағыты, өндіріс және сұраныс, ұқыптылық табиғатына ерекше мән береді. Ұлттық құрылысты іргелі талдаған алғашқы еңбек ретінде Р.А. Woodстің [9] мәселе бойынша көршілестіктің маңыздылығын айқындағаннан көруге болады. Автор ұлттық құрылыстың әлеуметтік мәселелерін түсініп, әлеуметтік қажеттілік, әсіресе, қоғамның түрлі таптары арасындағы өзара түсіністік қажеттілігін дәйектейді. Соңғы жылдары жарияланған еңбектер арасында отаршылдықтан тыс үнді антропологиясындағы ұлттық құрылыс [10], нәсіл мен бірегейлік шеңберіндегі Латын Америкасындағы тәуелсіздік пен ұлттық құрылыс [11], байырғы спорт түрлерінің ұлттық құрылысқа ықпалы [12] және жады мен ұлттық құрылыстың өзара байланысын [13] зерттеген еңбектер бар.

Ресейлік авторлар арасында ұлттық құрылысты терең зерттеген ғалымдар арасында С.Г. Кара-Мурза, О.В. Куропаткина [14], В. Шнайдер [15] және В.В. Цибенко, С.Н. Цибенко [16] жарыққа шығарған монографияларды атауымызға болады. Ресейде соңғы қорғалған докторлық диссертациялар арасында В.В. Цибенконың [17] XIX-XXI ғасырлардағы Түркиядағы черкес ұйымдарының қызметі мысалындағы халықаралық қатынастар жүйесінде ұлттық құрылыс факторын зерттеген еңбегін ерекше айтуымызға болады. А.Г. Сулейманян [18] өз зерттеуінде заманауи Ресейлік ұлттық құрылыстың психологиялық құралдарын сипаттайды. Ал Б.В. Аксиумов және В.А. Авксентьев [19] заманауи Ресейдегі ұлттық құрылысты зерттеу барысында ұлтшылдықтың азаматтық, полимәдениеттік, империялық және өркениеттік түрлері арасындағы әрекеттестікті анықтаған.

Отандық саяси ғылымдарда ұлттық құрылысты толық зерттеген ғылыми еңбектер бар деп айта алмаймыз. Дегенмен, мәселені ғылыми мақалалар ретінде және ұлттық құрылыстың өзге элементтері аясында қарастырылған жұмыстар кездеседі. Мәселен, Д.А. Аманжолова [20, 12-17 бб.] зерттеуінде Кеңестік ұлттық құрылыс өткен ғасырдың 20 жылдарындағы қазақ

элитасымен байланыстырылады. 2020 жылы «Wiley-Blackwell» баспасы шығаратын «Muslim World» журналында Қазақстандағы ұлттық құрылыс мәселелеріне байланысты 2 мақала жарияланды. А.К. Бұрханов [21] Қазақстандағы мультикультурализм және ұлттық құрылысты медиадискурстағы үрдістер, мемлекеттік саясат пен бұқаралық қабылдау тұрғысында талдаса, Л.Г. Ерекешова [22] Қазақстан мен Өзбекстандағы діннің қызметтері мен ұлттық құрылысының динамикасын салыстырады.

Отандық ғалымдар жүргізген ғылыми еңбектер арасында ұлттық құрылыс мәселелерін қазақ бірегейлігі [23] және Қазақстанның ұлттық бірегейлігі [24] арқылы зерттеген монографиялар бар. ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты ғалымдарының этностардың әлеуметтік өзара әрекеттестігі [25], Қазақстан Республикасы этностық және діни топтарының азаматтық қауымдастыққа топтасуының құндылықтық-мағыналық және рухани-адамгершілік негіздерін [26] қарастырған еңбектерге де мән беруіміз қажет. Сонымен қатар, жоғарыда аталған институт ұжымы 2020 жылы ұлттық құрылыс пен этносаясат [27] мәселелеріне арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу тәсілі ретінде ұлттық құрылыстың мәні және негізгі түсініктері бойынша жарияланымдарды теориялық талдау алынды. Жарияланымдарды теориялық талдау зерттеп отырған мәселені дамыту үшін негіз болады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және зерттеу көлемі жарияланымдарды теориялық талдау арқылы белгіленді. Теориялық талдаудың бірнеше нұсқалары бар: зерттеудің қолданылуын бағалау, мәселені ғылыми зерттеу тереңдігі және оған арналған ғылыми жарияланымдар; алдыңғы зерттеулерді талдау және бағалау; мәселенің тұжырымдамалық негізін түсіндіру. Сонымен қатар, теориялық талдаудың мақсаты ғалымдар жинаған деректерді жүйелеу, қарастырылып отырған мәселелер арасында байланыс орнату және нәтижелерді қорытындылау болады.

Зерттеу тақырыбындағы ғылыми әдебиеттерді зерттеудің библиографиялық әдісі осы дереккөздерді зерттеуге және талдауға бағытталады. Негізінен «Nation-building

in Kazakhstan» кілт сөзін қолдана отырып, әдебиеттерге жүйелі шолу жасалды. Жүйелі шолу ұлттық құрылыстың мәні және негізгі түсініктерін анықтады. Ғылыми әдебиеттерді талдай отырып, автор зерттелетін мәселенің сипатына сәйкес келетін сипаттамалық тәсілді де пайдаланды. Сипаттамалық зерттеу әдісі жарияланымдарға әсер етпестен ғылыми әдебиеттерді тексеру және шолуды қамтиды. Бұл әдіс зерттеу тақырыбының кең бейнесін алу үшін қолданылды.

Сонымен қатар, зерттеуде жүйелік талдаудың тұжырымдамалары мен қағидалары көп көмек берді. Жүйелік талдау (1) қарастырылатын мәселенің заңдылықтары мен қағидаларын түсінуге және байланыстарын анықтауға көмектеседі; (2) ұлттық құрылыстың бүгінін, өткенін және болашағын білуге үлес қосады. Салыстыру және тұжырымдамалық талдау әдістеріне де маңызды рөл берілген.

Талқылау және нәтижелер

R. Isaacs және A. Polese [28] редакциясымен жарық көрген еңбекте посткеңестік кеңістіктегі ұлттық құрылыс пен бірегейлік салыстырмалы талданып, соңғы жиырма жыл ішінде мемлекетті құру құралдарының қалай пайда болғанын және дамығанын зерттейді. Авторлар посткеңестік елдерге арналған тақырыптық зерттеулерге сүйене отырып, ұлттық құрылыс пен бірегейлік жобаларының түрлі көріністерін салыстырады. Мәселелерді пәнаралық және географиялық тұрғыдан қарастыра келе, авторлар түрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілердің ұлттық құрылыстың дәстүрлі құралдарын жаңа тәсілдермен қалай қолданып жатқанын тарауларда көрсетеді. Аталмыш монография 12 тараудан тұрады және оның 2 тарауы Қазақстан Республикасына арналған.

Y.-M. Davenel және E. Yim [28, 46-64 бб.] 2 тарауда Қазақстандағы азшылық ұлттардың ассимиляциясы мен ұлттық құрылыс мәселесіне мән береді. Бұл бөлімде азшылық ұлттар белсенділерінің мемлекет шектеген ұлттық құрылыс процестерінің құқықтық негіздерін қалай қабылдап және осы процестегі ұстанымдарын қалай басқаратынына ерекше назар аударады. Авторлар пікірлері азшылық ұлт өкілдері қолданатын көзқарастарды, ұстанымдарды және стратегияларды талдаудың этнографиялық тәсіліне негізделген. Заманауи Қазақстандағы

ұлттық құрылыс күрделі процесс ретінде сипатталады [28, 46-47 бб.]: 1) инклюзивті азаматтық мемлекетті ресми дискурстарда ілгерілету, барлық азаматтарға тең құқықтар беру, нақты демократиялық реформаларды экономикалық дамуға дейін кейінге қалдыру; 2) ұлттандыру саясатын ресми түрде қазақ тілін, мәдениетін және тарихнамасын танымал ету арқылы және бейресми түрде қазақ тілін меңгеру белгісі бойынша қазақ еместерді кемсіту арқылы жүргізу; 3) түрлі бір мезгілде әрекет ететін фракциялардан тұратын қазақ элитасының саяси өрісін монополияландыру және қазақ емес азшылықтарды, титулды ұлттың «қарапайым» өкілдерін саяси ортадан шеттету. Расында осы уақытқа дейін елімізде экономикаға ерекше мән беріліп, демократиялық процестердің дамуы тежелді. Дегенмен, еліміздің экономикасының дамығанын да көре алмай отырмыз. Сондықтан демократиялық реформалар мен экономиканы ілгерілету қатар жүргені дұрыс секілді. Азшылық ұлттарды елімізде кемсітуді байқап отырғанымыз жоқ. Мәселен, мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыруда орны бар Қазақстан халқы Ассамблеясы осы уақытқа дейін құрылмас еді. Үшінші мәселе бойынша елімізде проблема бар екендігі анық. Жаңа саяси реформаларда ел азаматтарының барлық саладағы теңдігі және әділеттіліктің орнауына әлі де ерекше мән берілуі тиіс.

R. Isaacs [28, 138-158 бб.] 7 тарауда кино және Қазақстандағы ұлттық құрылысты дәйектейді. Фильм бұрыннан түрлі мәдени және аймақтық жағдайларда ұлттық құрылыстың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Осыдан 10 жыл бұрын кинематографияның ұлттық батырларды жасау және тұрақты мәдени мағыналарды қалыптастыру мақсатындағы ұжымдық жадыны, мифтер мен дәстүрлерді қайта қарастыру арқылы азаматтардың ортақ сезімін тәрбиелеуге ықпал ететіндігін жазған болатынбыз [29, 296-300 бб.]. Осылайша, кино мемлекеттік саясатты жүргізу барысында ұлттық сюжеттерді құруға ықпал ете алады. Фильмді қазіргі заман мен капитализм тудырған жаңа құбылыс деп айтуымызға болады. Сондықтан кино ұлттық құрылыс пен ұлттық өзін-өзі сәйкестендірудің дамып келе жатқан және жалғасып жатқан процестерінде маңызды рөл атқарады.

R. Isaacs [28, 138-139 бб.] анықтағандай: «... Қазақстандағы кино мен ұлттық құрылыс арасындағы байланыс кеңестік кезеңнен

бастау алған. Сталиннен кейінгі дәуірде кино мифтерді, фольклорды және тарихи кейіпкерлерді басқаша ойлау және визуалдау арқылы қазақ ұлттық бірегейлігінің тарихи-мәдени маркерлерін белгілеу құралы ретінде пайдаланылды. Кейінгі кеңестік кезеңде шығармашылық кино өндірісінің өрлеуі «қазақтың жаңа толқынын» тудырды. Қазақстандық жас режиссерлер кейінгі кеңестік және алғашқы посткеңестік қоғамның алауыздығы, вакуумы мен тұрақсыздығын бейнеледі. Бұл жұмыстар ескірген және шіріген кеңестік жүйеге қарсы пікір айтудың маңызды арнасы болды. Посткеңестік кезеңде саладағы алғашқы тыныштықтан кейін Қазақстан үкіметі 2005 жылы «Қазақфильм» мемлекеттік кинокомпаниясын акционерлік қоғамға айналдырды. Сол уақыттан бастап мемлекет компанияны Қазақстан тарихын қайта ойластыратын фильмдер түсірудің құралы ретінде пайдаланды. Үкіметтің мақсаты: киноны қазақ ұлтының «ресми» түсіндірме құралы ретінде пайдалану; Қазақстанның көшпелі және әскери өткеніне, оның мемлекеттілігінің көпұлтты азаматтық өлшеміне ерекше көңіл бөлу; 1930-40 жылдардағы түрлі ұлт өкілдерінің Қазақстан аумағына сталиндік күштеп жер аударылуының салдарын көрсету. Сонымен қатар қазіргі қазақ киносында қазақ мемлекеттілігінің, бірегейлігінің, ұлтының қалыптасуының баламалы тұжырымдамаларын ұсынатын басқа да үндер пайда болды. Олар негізінен қазақ мемлекеттілігін діни және әлеуметтік-экономикалық түсіндіруге негізделген». Бүгінгі таңда еліміздің киноиндустриясы қарқынды дамып жатыр деуімізге болады. Жеке телекомпаниялар кассалық алымдарды көбейту мақсатында жеңіл комедиялар көбірек түсіруі қынжылтады. Бұл халық сұранысы мен мәдениетіне байланысты болуы ықтимал. Ал «Qazaqstan» арнасында соңғы жылдары көрсетіліп жүрген тарихи-танымдық фильмдердің көбеюі ұлттық құрылысымызды нығайтатыны анық.

Кеңес Одағының ыдырауы ғалымдарға салыстырмалы түрде ұлттық құрылысты зерттеу үшін өте бай материал берді. 1960 жылдардағы Африкадағы отарсыздандырудан бері көптеген жаңа мемлекеттер бір аймақта бір сәтте құрылмаған еді. Кеңес Одағының құрамынан бөлініп, жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттердің алдында ұлттық құрылыс процесі күрделі міндеттердің

бірі болды. Әсіресе, әр мемлекетте халық арасындағы этникалық және мәдени белгілері бойынша бөлінген ортақ бірегейлікті қалыптастыру мәселесі тұрды. P. Kolstø, S. Nøvik [30] монографиясының басты назарында Латвия, Қазақстан, Молдова, Беларусь, Украина және Ресейдің ұлттық мемлекеттер құру жолындағы мұрагер мемлекет басшылары қабылдаған түрлі стратегиялары тұр. Негізінен посткеңестік мемлекеттерде салыстырмалы талдау үшін барлық қажетті бірқатар ұқсастықтармен қатар, түрлі өлшемдер, мәдениет және қазіргі заман тарихы тұрғысынан айтарлықтай айырмашылықтар бар. Ең алдымен ұзақ мерзімді саясат жүргізу үшін қазіргі заманғы мемлекеттерде әдетте бірлігі бар халқы болуы керек. Мемлекет азаматтары кейбір ортақ құндылықтар бойынша мемлекеттік институттар мен рәміздерге ортақ адалдықты ұстануы қажет. Бұл барлық тұрғындар міндетті түрде бірдей мәдени құндылықтарды ие болуы керек дегенді білдірмейді. Дегенмен халық өздерін бір ұлттың өкілі деп санауы тиіс. Сондықтан халық арасында ортақ мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған стратегияларды ұлттық құрылыс деп атауымызға болады. Қазіргі таңдағы саяси ақиқат көрсетіп тұрғандай, бұрынғы Кеңес Одағы республикалары өздерінің ұлттық құрылысы үшін түрлі үлгілерді таңдады.

Оксфорд университетінің Әулие Антоний колледжінің түлегі P.C. Sanderдің [31] көрші Қырғыз елінің 1991-2012 жылдардағы ұлттық бірегейлік диалектикасы мен сыртқы саясатын «Аю» көлеңкесіндегі ұлттық құрылысқа теңеген еңбегі де назарымызды қажет етеді. 1991 жылдан бері Қырғызстанның саяси жетекшілері посткеңестік ұлттық бірегейлікті ұстанды. Автордың пайымдауынша олардың тұжырымдамалары елдің көпұлтты қоғамын біріктіре алмады және азаматтық құндылықтар мен этникалық мифтерге үнемі қарсы тұрды. Автор Қырғызстанның бірегейлік дағдарысын сипаттау үшін халықаралық қатынастар теориясын қолданады: билеуші элита қауіпсіздіктің негізгі доноры және қамтамасыз етушісі ретінде Ресейге үлкен тәуелділік пен ұлттық бірегейлікке ұмтылудағы ішкі мәселелер арасындағы шиеленісті жеңуі керек. Легитимді ұлттық бірегейлік елдің сыртқы саяси мүдделерін де, қырғыздар мен ұлттық азшылықтардың өкілдікке қойылатын талаптарын да білдіруі керек. Қырғызстан ахуалы Ресейдің жақын

шет елдеріндегі посткеңестік ұлттық құрылыс қалыптастырған ішкі қысымдар мен сыртқы мүдделердің күрделі диалектикасын көрсетеді.

A. Fauve [32] зерттеуінде Қазақстандағы ұлттық құрылыс семиологиялық және этнологиялық тұрғыдан екі сатыда талданады: ресми рәміздердің ретсіз жасалуы және оларды адамдардың иеленуінің әдеттегі векторлары. Зерттеушінің ойынша, жаңа елордамыз Астана тәуелсіздік пен оның салдарын түсіну үшін аралық призма ретінде қызмет етеді. Бірнеше тарихи немесе аумақтық рәміздерді қамтитын елдің қалалық орталығы бірте-бірте бірегейліктің негізгі тірек нүктесіне айналғанын айқындайды. Демек, бұл мәселе ұлттық бірегейліктің субъективті түрде жаңғыртылуына ықпал жасайды.

В.А. Тишковтың [7, 58-67 бб.] айтуы бойынша, «Ұлттық құрылыс» ұлттық бірегейлікті қалыптастыру процесі саналады және бұл процестің мәні өз мемлекетіне қатысты патриоттық және жалпы ынтымақтастық сезімін қалыптастыру болып табылады. Бұл процесс нысанына оның күзіретіне жататын адамдар қауымдастығы жатады. Негізгі мәселе ұлттық құрылыстың негізгі тұжырымдамалық түсінігінің мазмұнында деп ойлаймыз. Сондай-ақ, азаматтық-саяси бірегейлікті қандай құрамдас бөліктер құрауы керек және бұл бірегейлікті қалыптастыру үшін қандай тетіктер мен құралдарды пайдалану керек деген сауалдар туындауы мүмкін. Сондықтан ұлттық құрылысты әр елдердің түрлі тарихи дәуірлері мысалында қарастырылған зерттеулерге мән берген жөн.

В.Э. Багдасарянның [33, 47 б.] пікірінше: «Ұлттық құрылыс» ұғымы ұлттың құрылып жатқанын меңзейді. Құрылыс үшін сызба, бірлесіп жұмыс істеу, жоба қажет. Демек, құрылыс субъектісі бар. Құрылыс субъектісі ретінде кім әрекет ете алады? Бір қарағанда, субъект белгілі сияқты – ол мемлекет. Демек, ұлттық мемлекетті ұлт емес, мемлекет ұлтты қалыптастырады. Мемлекет өмірі ұлттың өмір сүруінен бұрын пайда болды. Бірақ келесі сұрақ туындайды: ұлтты қандай мемлекет құрады? Мемлекет-ұлттар тарихи түрде империялық мемлекеттерден бұрын пайда болған. Империялық мемлекеттер ұлттық емес, өркениетті мемлекеттер. Өркениеттің іргетасынан ұлттың іргетасына ауыса отырып, мемлекет өзін-өзі төмендетеді». Дегенмен, ұлттық мемлекетте

империялық мемлекет секілді өркениет жоқ деген пікір талас тудыратындығы анық. Бұл «ұлт-мемлекет» және «империя» ұғымдарына нақты анықтамалар берудің күрделілігімен байланысты. Өйткені түрлі дереккөздер өздерінің түсіндірмелерін ұсынады. Сонымен қатар, империялық мемлекеттердің де өзіне тән кемшіліктері бар: (1) империя колонияларының дамуына байланысты мемлекеттік аппарат тиімділігінің төмендеу ықтималдылығы; (2) колониялар мен орталық арасындағы әлеуметтік, құқықтық және материалдық теңсіздіктердің болуы наразылықтарға әкелуі мүмкін; (3) империяның тек қана көшбасшыға тәуелділігі. Сондықтан ұлттық идеологияның негізгі мазмұны ұлттық мемлекетті құру немесе сақтау қажеттілігін теориялық тұрғыдан негізделуі қажет. Өз кезегінде ұлттық саясаттың негізгі мазмұны ұлттық мемлекет құру немесе сақтау жолындағы құреспен тікелей байланысты.

А. Ливеннің [34, 26 б.] пайымдауынша, «Қысқа революциялық кезеңдегі коммунизмді қоспағанда, қазіргі тарихта ұжымдық іс-әрекеттің, ерікті құрбандықтың және мемлекеттік құрылыстың қайнар көзі ретіндегі ұлтшылдықпен салыстырылатын ештеңе жоқ. Жеке бірегейлік элементтері әрбір жеке азамат үшін маңызды болуы мүмкін, бірақ олар ірі және ұзақ мерзімді институттарды құра алмайды (дін күшті позициясын сақтап отырған мұсылман әлемін қоспағанда)». Сондықтан ұлттық құрылыс аясындағы үдерістерде жеке бірегейлікке қарағанда, ұжымдық бірегейліктің ықпалы зор деуімізге негіз бар. Ұжымдық бірегейлік әлеуметтік топтың ортақ сезімін тудыратындықтан, ел азаматтарының әрекеттері де осы құбылысқа тәуелді деп ойлаймыз.

Отандық ғалымдар Н.Б. Айтымбетов, Е.Б. Тоқтаров және Е.Н. Ормаханова [35] зерттеуінде Қазақстандағы ұлттық құрылыс процесіне әсер ететін факторлар талқыланады. Авторлар пікірінше, ұлттық бірегейлік мәселесі посткеңестік елдерде ұлттық идеологияға, тарихқа, тілге тікелей қатысты болғандықтан кеңінен талқыланады. Авторлар қазіргі Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың өзекті мәселелері ретінде титулдық ұлттың жаңаруы, мемлекеттік құрылыстағы азаматтық және этникалық көзқарастардың бәсекелестігі, қазақ және орыс тілдерінің қайшылықтары деп санайды. Ғалымдар

қазақтандыру саясатының ерекшеліктерін қарастырып, Қазақстандағы ұлттық және ұлтаралық қатынастар мәселелерін шешудің тиімді жолы деген қорытындыға келеді.

Қорытынды

Өткен ғасырдың екінші жартысындағы отаршылдық жүйенің күйреуі, 90-жылдардың басындағы КСРО-ның құлауына байланысты көптеген тәуелсіз мемлекеттер қалыптасты. Бұл өз кезегінде ұлттық құрылыс, азаматтық, жеке және ұжымдық құқықтар туралы жаңа тұжырымдардың пайда болуына әкелді. Ғылым мен саяси тәжірибеде әртүрлілік барысындағы бірлік, көпмәдениеттілік, айырмашылықтар мен бірегейлік құқығы жөніндегі доктриналар дүниеге келді. Жаңа тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық құрылыс конституцияда жазылғандай, ұлтына, әлеуметтік жағдайына және дініне қарамастан азаматтардың теңдігі қағидасына негізделді.

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, ұлттық құрылыс процесс ретінде ешқашан аяқталмайды және кез келген мемлекетте бірегейлікке, ұлтқа, мемлекетке және режимге қатысты мәселелер үнемі туындайды. Табысты ұлттық құрылысқа апаратын жол ұзақ, күрделі және осы процестің негізгі қатысушылары ретінде кімді көреміз және олар қандай құралдарды, тәсілдер мен стратегияларды қолданғанын білгеніміз жөн. Зерттеуде талданып отырған тұжырымдардың әрқайсысы түрлі пәнаралық, теориялық және әдіснамалық тәсілдерді қолданғанына қарамастан, олардың арасында көптеген ұқсастықтар бар деп ойлаймыз. Барлық талданған материалдар көрсеткендей, посткеңестік кеңістіктегі ұлттық құрылыс динамикасының жалғасып жатқанын байқаймыз.

Ұлттық құрылыстың мәні және негізгі түсініктерін зерттеуге бағытталған бұл жұмыс мәселені түрлі қырынан қарауға септігін тигізді. Біздің мақсатымыз ұлттық құрылыс процесінің түрлі кезеңдерін білу арқылы көптеген жетістіктерге жетуге болатынын көрсету, оның ұзақ және күрделі процесс екендігін дәйектеу. Зерттеу жұмысында мақсатымызға ішінара жете алдық деп үміттенеміз және ұлттық құрылыс туралы тұжырымдарды байытады және жандандырады деп ойлаймыз. Сондай-ақ, бұл мақала ұлттық құрылысты зерттеуге бағытталған жұмыстар ауқымын кеңейтеді деп үміттенеміз.

Қаржыландыру

Берілген мақала «Қазақстандағы ұлттық құрылыс аясындағы исламизация үдерісі: интеграциялық және дезинтеграциялық әлеуеті» ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. Грант АР14871508.

Әдебиеттер тізімі

1. Кара-Мурза С.Г. Демонтаж народа. – Москва: Алгоритм, 2007. – 704 с.
2. Смит Э.Д. Нации и национализм. – Москва: Праксис, 2002. – 411 с.
3. Leerssen J. National thought in Europe: A cultural history / J. Leerssen. – Amsterdam University Press, 2006. – 312 p.
4. Андерсон Б. Воображаемые сообщества. Размышления об истоках и распространении национализма. – Москва: Кучково поле, 2016. – 416 с.
5. Семенов Ю.И. Философия истории. – Москва: Современные тетради, 2003. – 776 с.
6. Балибар Э., Валлерстайн И. Раса, нация, класс. Двусмысленные идентичности. – Москва: Логос, 2004. – 288 с.
7. Тишков В.А. Понимание нацистроительства в России в мировом контексте // От Древней Руси к Российской Федерации: история российской государственности: материалы международной научной конференции. – Санкт-Петербург: Алетейя, 2013. – 768 с.
8. Carver T.N. The relation of thrift to nation building // The Annals of the American Academy of Political and Social Science. – 1920. – Vol. 87. – No. 1. – P. 4-8.
9. Woods R.A. The neighborhood in nation building: The running comment of thirty years at south end house / R.A. Woods. – Boston: Houghton Mifflin Company, 1923. – 348 p.
10. Guha A. Nation-Building in Indian anthropology: Beyond the colonial encounter / A. Guha. – Taylor and Francis, 2022. – 154 p.
11. Eastman S., Perea N.S. Independence and nation-building in Latin America: Race and identity in the crucible of war / S. Eastman, N.S. Perea. – Taylor and Francis, 2022. – 158 p.
12. Skille E.Å. Indigenous sport and nation-building: Interrogating Sámi sport and beyond / E.Å. Skille. – Taylor and Francis, 2022. – 170 p.
13. Saxena, V. Memory and nation-building: World War II in Malaysian literature / V. Saxena. – Taylor and Francis, 2022. – 189 p.
14. Кара-Мурза С.Г., Куропаткина О.В. Нацистроительство в современной России. – Москва: Алгоритм, 2014. – 408 с.
15. Шнайдер В. Советское нацистроительство на Северном Кавказе (1917 – конец 1950-х гг.): закономерности и противоречия. – Москва, Берлин: Директ-Медиа, 2015. – 420 с.
16. Цибенко В.В., Цибенко С.Н. Технологии этнонациональной мобилизации в многосоставных обществах (на примере черкесов России и Турции). – Москва: Весь Мир, 2021. – 208 с.
17. Цибенко В.В. Фактор нацистроительства в системе международных отношений на примере деятельности черкесских организаций в Турции (XIX-XXI вв.): диссертация доктора исторических наук: 5.6.7 / Дипломатическая академия Министерства иностранных дел Российской Федерации. – Москва, 2022. – 565 с.
18. Сулейманян А.Г. О стратегии национального строительства в России: теория и практика // Вопросы философии. – 2016. – №1. – С. 168-179.
19. Aksiumov B., Avksentev V. Nation-building in contemporary Russia: Four vectors of political discourse // Nationalism and Ethnic Politics. – 2022. - Vol. 28. – No. 2. – P. 186-205.
20. Аманжолова Д.А. Советское нацистроительство и казахская элита 1920-е гг. // Становление гражданского общества и правового государства за годы независимости Республики Казахстан: материалы международной научно-практической конференции, посвященной 20-летию Независимости Республики Казахстан. – Тараз, 2011. – Т. 1. – 383 с.
21. Burkhanov A. Multiculturalism and nation-building in Kazakhstan: Trends in media discourse, state policy, and popular perceptions // Muslim World. – 2020. – Vol. 110. – No. 1. – P. 24-39.

22. Yerekesheva L.G. Functions of religion and dynamics of nation-building in Kazakhstan and Uzbekistan // *Muslim World*. – 2020. – Vol. 110. – No. 1. – P. 64-88.
23. Шайкемелев М.С. Казахская идентичность. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 272 с.
24. Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 168 с.
25. Шаукенова З.К. Социальное взаимодействие этносов: мониторинг межэтнических отношений в Республике Казахстан. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 200 с.
26. Шаукенова З.К., Бурова Е.Е., Назарбетова А.К. Ценностно-смысловые и духовно-нравственные основания консолидации этнических и религиозных групп Республики Казахстан в гражданскую общность. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 266 с.
27. Қазіргі Қазақстандағы ұлттық құрылыс және этносаясат: халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. – Алматы, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2020. – 282 б.
28. Isaacs R., Polese A. Nation-building and identity in the Post-Soviet space: New tools and approaches / R. Isaacs, A. Polese. – London: Routledge, 2016. – 272 p.
29. Насимов М.Ө. Кинематография арқылы саяси кеңес берудің жолдары // Қазіргі заманғы Қазақстанның инновациялық дамуы және ғылымға деген сұранысы: жас ғалымдардың VI халықаралық конференциясы материалдары. – Алматы: Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының қоры, 2012. – 4 бөлім: қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар. – 343 б.
30. Kolstø P., Høivik S. Political construction sites: Nation-building in Russia and the Post-Soviet states / P. Kolstø, S. Høivik. – New York: Routledge, 2018. – 308 p.
31. Sander P.C. Nation-building in the shadow of the bear: The dialectics of national identity and foreign policy in the Kyrgyz Republic 1991-2012 / P.C. Sander. – Peter Lang AG, 2017. – 129 p.
32. Fauve A. La fabrique de la nation Production des symboles et pratiques quotidiennes au Kazakhstan // *Revue d'Etudes Comparatives Est-Ouest*. – 2015. - Vol. 46. – No. 3. – P. 121-159.
33. Багдасарян В.Э. Нациестроительство или империестроительство: развилка подходов // Проблемный анализ и государственно-управленческое проектирование. – 2014. – №1(33). – С. 47-50.
34. Ливен А. Прогрессивный национализм. Почему национальная мотивация нужна для развития реформ // *Россия в глобальной политике*. – 2020. – № 5(105). – С. 25-42.
35. Aitymbetov N., Toktarov E., Ormakhanova Y. Nation-building in Kazakhstan: Kazakh and Kazakhstani identities controversy // *Bilig*. – 2015. – No. 74. – P. 1-20.

M.O. Nassimov

Kyzylorda Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan; Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan

Essence and basic concepts of nation-building

Abstract. Nation-building is closely connected with the development of state-building. The protection of important dimensions of nation-building is not only the responsibility of the state but also the civic duty and responsibility of all members of society. Nation-building is one of the most pressing issues in the context of globalization. Therefore, the problem of nation-building and identity preservation is very relevant in the context of globalization. The article analyzes the essence and basic concepts of nation-building. The purpose of the article is to systematize the conclusions related to the concept of nation-building. In the work, in which the theoretical analysis of the problem was carried out, the methods of bibliographic, descriptive, systemic, comparative, and conceptual analysis were used. Particular attention was paid to the keyword «Nation-building in Kazakhstan». The article reveals the connection of nation-building with other concepts, such as nationality, identity, and film production. Thanks to the lessons given by history and ideology, the importance of developing nation-building has been proven by the author.

Keywords: nation-building, state policy, people, nationalism, national identity, ideology, post-Soviet space.

М.О. Насимов

Кызылординский университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан; Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан

Сущность и основные понятия нациестроительства

Аннотация. Нациестроительство тесно связано с развитием государственного строительства. Охрана важных измерений нациестроительства является не только обязанностью государства, но и гражданским долгом и ответственностью всех членов общества. Нациестроительство является одним из наиболее актуальных вопросов в условиях глобализации. Поэтому проблема нациестроительства и сохранения идентичности очень актуальна в условиях глобализации. В данной статье анализируются сущность и основные понятия нациестроительства. Цель статьи – систематизировать выводы, связанные с понятием национального строительства. В работе, в которой проводился теоретический анализ проблемы, использовались методы библиографического, описательного, системного, сравнительного и концептуального анализа. Особое внимание было уделено ключевому слову «Nation-building in Kazakhstan». Выявлена связь национального строительства с другими понятиями, такими, как национальность, идентичность и кинопроизводство. Благодаря урокам, данным историей, и идеологии доказана важность развития нациестроительства.

Ключевые слова: нациестроительство, государственная политика, народ, национализм, национальная идентичность, идеология, постсоветское пространство.

References

1. Kara-Murza S.G. Demontazh naroda [Demolition of the people], (Algorithm, Moscow, 2007, 704 p.), [in Russian].
2. Smith A.D. Nacii i nacionalizm [Nations and nationalism], (Praxis, Moscow, 2002, 411 p.), [in Russian].
3. Leerssen J. National thought in Europe: A cultural history, (Amsterdam University Press, 2006, 312 p.).
4. Anderson B. Vobrazhaemye soobshhestva. Razmyshlenija ob istokah i rasprostranении nacionalizma [Imagined communities: reflections on the origin and spread of nationalism], (Kuchkovo Field, Moscow, 2016, 416 p.), [in Russian].
5. Semenov Yu.I. Filosofija istorii [Philosophy of history], (Sovremennye tetradi, Moscow, 2003, 776 p.), [in Russian].
6. Balibar E., Wallerstein I. Rasa, nacija, klass. Dvusmyslennnye identichnosti [Race, nation, class: Ambiguous identities], (Logos, Moscow, 2004, 288 p.), [in Russian].
7. Tishkov V.A. Ponimanie naciestroitel'stva v Rossii v mirovom kontekste [Understanding nation-building in Russia in a global context], Ot Drevnej Rusi k Rossijskoj Federacii: istorija rossijskoj gosudarstvennosti: materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii [From Ancient Rus' to the Russian Federation: the history of Russian statehood: materials of the international scientific conference], (Alateya, St. Petersburg, 2013, 768 p.), [in Russian].
8. Carver T.N. The relation of thrift to nation building, *The Annals of the American Academy of Political and Social Science*. 1920. Vol. 87. No. 1. P. 4-8.
9. Woods R.A. The neighborhood in nation building: The running comment of thirty years at south end house, (Houghton Mifflin Company, Boston, 1923, 348 p.).
10. Guha A. Nation-Building in Indian anthropology: Beyond the colonial encounter, (Taylor and Francis, 2022, 154 p.).
11. Eastman S., Perea N.S. Independence and nation-building in Latin America: Race and identity in the crucible of war, (Taylor and Francis, 2022, 158 p.).
12. Skille E.Å. Indigenous sport and nation-building: Interrogating Sámi sport and beyond, (Taylor and Francis, 2022, 170 p.).
13. Saxena, V. Memory and nation-building: World War II in Malaysian literature, (Taylor and Francis, 2022, 189 p.).
14. Kara-Murza S.G., Kuropatkina O.V. Naciestroitel'stvo v sovremennoj Rossii [Nation-building in modern Russia], (Algorithm, Moscow, 2014, 408 p.), [in Russian].

15. Schneider V. Sovetskoe naciestroitel'stvo na Severnom Kavkaze (1917 – konec 1950-h gg.): zakonmernosti i protivorechija [Soviet nation-building in the North Caucasus (1917 - late 1950s): patterns and contradictions], (Direct Media, Moscow, Berlin, 2015, 420 p.), [in Russian].
16. Tsibenko V.V., Tsibenko S.N. Tehnologii jetnonacional'noj mobilizacii v mnogosostavnyh obshhestvah (na primere cherkessov Rossii i Turcii) [Technologies of ethno-national mobilization in multicomponent societies (on the example of the Circassians of Russia and Turkey)], (Ves Mir, Moscow, 2021, 208 p.), [in Russian].
17. Tsibenko V.V. Faktor naciestroitel'stva v sisteme mezhdunarodnyh otnoshenij na primere dejatel'nosti cherkesskih organizacij v Turcii (XIX-XXI vv.): dissertacija doktora istoricheskikh nauk [Nation-building factor in the system of international relations on the example of the activities of Circassian organizations in Turkey (XIX-XXI centuries): doctoral dissertation of Historical Sciences]. 5.6.7. Diplomatic Academy of the Ministry of Foreign Affairs of the Russian Federation. Moscow, 2022. 565 p., [in Russian].
18. Suleimanian A.G. O strategii nacional'nogo stroitel'stva v Rossii: teorija i praktika [Strategy of nation-building in Russia: Theory and practice], Voprosy Filosofii [Voprosy Filosofii], 2016. No. 1. P. 169-179, [in Russian].
19. Aksiumov B., Avksentev V. Nation-building in contemporary Russia: Four vectors of political discourse, Nationalism and Ethnic Politics. 2022. Vol. 28. No. 2. P. 186-205.
20. Amanzholova D.A. Sovetskoe naciestroitel'stvo i kazahskaja jelita 1920-e gg. [Soviet nation-building and the Kazakh elite in the 1920s], Stanovlenie grazhdanskogo obshhestva i pravovogo gosudarstva za gody nezavisimosti Respubliki Kazahstan: materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii, posvjashhennoj 20-letiju Nezavisimosti Respubliki Kazahstan [The formation of civil society and the rule of law during the years of independence of the Republic of Kazakhstan: materials of the International scientific and practical conference dedicated to the 20th anniversary of the Independence of the Republic of Kazakhstan], (Taraz, 2011, T. 1, 383 p.), [in Russian].
21. Burkhanov A. Multiculturalism and nation-building in Kazakhstan: Trends in media discourse, state policy, and popular perceptions, Muslim World. 2020. Vol. 110. No. 1. P. 24-39.
22. Yerekesheva L.G. Functions of religion and dynamics of nation-building in Kazakhstan and Uzbekistan, Muslim World. 2020. Vol. 110. No. 1. P. 64-88.
23. Shaikemelev M.S. Kazahskaja identichnost' [Kazakh identity], (Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the KN MES RK, Almaty, 2013, 272 p.), [in Russian].
24. Kadyrzhanov R.K. Jetnokul'turnyj simbolizm i nacional'naja identichnost' Kazahstana [Ethnocultural symbolism and national identity of Kazakhstan], (Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the KN MES RK, Almaty, 2013, 168 p.), [in Russian].
25. Shaukenova Z.K. Social'noe vzaimodejstvie jetnosov: monitoring mezhjetnicheskikh otnoshenij v Respublike Kazahstan [Social interaction of ethnic groups: monitoring of interethnic relations in the Republic of Kazakhstan], (Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the KN MES RK, Almaty, 2013, 200 p.), [in Russian].
26. Shaukenova Z.K., Burova E.E., Nazarbetova A.K. [Value-semantic and spiritual and moral foundations for the consolidation of ethnic and religious groups of the Republic of Kazakhstan into a civil community], (Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the KN MES RK, Almaty, 2014, 266 p.), [in Russian].
27. Qazirgi Qazaqstandagy ulttyq qurylys zhane jetnosajasad: halyqaralyq gylymi-praktikalyq konferencijanyń materialdar zhinagy [Nation-building and ethnopolitics in modern Kazakhstan: collection of materials of the international scientific and practical conference], (Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the KN MES RK, Almaty, 2020, 282 p.), [in Kazakh, English, Russian].
28. Isaacs R., Polese A. Nation-building and identity in the Post-Soviet space: New tools and approaches, (Routledge, London, 2016, 272 p.).
29. Nassimov M.O. Kinematografija arqyly sajasi kenes berudin zholdary [Ways of giving political advice through cinematography], Qazirgi zamangy Qazaqstannyn innovacijalyq damuy zhane gylimga degen suranysy: zhas galymdardyn VI halyqaralyq konferencijasy materialdary [Innovative development and demand for science in modern Kazakhstan: proceedings of VI international conference of young scientists], (Foundation of the First President of the Republic of Kazakhstan, Almaty, 2012, part 4: social and humanitarian sciences, 343 p.), [in Kazakh].
30. Kolstø P., Høivik S. Political construction sites: Nation-building in Russia and the Post-Soviet states, (Routledge, New York, 2018, 308 p.).
31. Sander P.C. Nation-building in the shadow of the bear: The dialectics of national identity and foreign policy in the Kyrgyz Republic 1991-2012, (Peter Lang AG, 2017, 129 p.).

32. Fauve A. La fabrique de la nation Production des symboles et pratiques quotidiennes au Kazakhstan [Nation-building: The production of everyday symbols and practices in Kazakhstan], *Revue d'Etudes Comparatives Est-Ouest*. 2015. Vol. 46. No. 3. P. 121-159, [In French].

33. Bagdasarjan V. Je. Naciestroitel'stvo ili imperiestroitel'stvo: razvilka podhodov [Nation-building or empire-building: a fork in the approaches], *Problemyj Problemnyj analiz i gosudarstvenno-upravlencheskoe proektirovanie* [Problem Analysis and Public Administration Projection]. 2014. Vol. 1. No. 33. P. 47-50, [in Russian].

34. Lieven A. Progressivnyj nacionalizm. Pochemu nacional'naja motivacija nuzhna dlja razvitija reform [Progressive nationalism. Why national motivation is needed for the development of reforms], *Rossija v global'noj politike* [Russia in Global Affairs]. 2020. Vol. 5. No. 105. P. 25-42, [in Russian].

35. Aitymbetov N., Toktarov E., Ormakhanova Y. Nation-building in Kazakhstan: Kazakh and Kazakhstani identities controversy. *Bilig*, 2015, No. 74, P. 1-20.

Автор туралы мәлімет:

Насимов Мұрат Өрленбайұлы – саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институтының директоры, құқықтану және қоғамдық пәндер кафедрасының профессоры, Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан; ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Nassimov Murat Orlenbayevich – Candidate of Political Science, Associate Professor, Director of Bolashak Research Institute, Professor of Department Jurisprudence and Social Studies, Kyzylorda Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan; Senior Researcher of the Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan.

Насимов Мурад Орленбаевич – кандидат политических наук, доцент, директор Научно-исследовательского института «Болашақ», профессор кафедры юриспруденции и социальных исследований, Кызылординский университет «Болашақ», Кызылорда, Казахстан; старший научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КС МШЭ РК, Алматы, Казахстан.